

## Төлем құралы ретінде теңгенің пайдаланылуын ұлғайту жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 4 ақпан N 1544. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Ішкі валюта нарығында теңгенің пайдаланылуын ұлғайту, оның өтімді болуына алғышарттар жасау және ақша айналымын тұрақтандыру мақсатында қаулы етемін:

1. Былай деп белгіленсін:

барлық заңды және жеке тұлғалардың оның ішінде шетелдік инвесторлардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатып алатын мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру Қазақстан Республикасының аумағында тек қана теңгемен жүзеге асырылады;

(Соңғы абзац) <\*> .

Ескерту. 1-тармақтың соңғы абзацының күші жойылған - ҚР Президентінің 11.01.1995 ж. N 2021 Жарлығымен.

2. Меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінен лицензиялар ала отырып, валютаны айырбастау пункттерін ашуына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1994 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде өнім, тауарлар беріп тұрғаны және көрсетілген қызмет үшін кәсіпорындар арасында есеп айырысудың аккредитивтік нысандарын ұлғайтуға шаралар қолдансын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір айлық

мерзімде бұрын қабылданған нормативтік актілерді осы Жарлыққа сәйкестендірілсін және оны жүзеге асыруға бағытталған қажетті шешімдерді қабылдайтын болсын.

5. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК